


IV тарау

АЛКАНДАР (ҚАНЫҚҚАН ҚӨМІРСУТЕКТЕР)

1. Анықтамасы және гомологтық қатары

Көміртек пен сутектен ғана тұратын, өзара тек σ-байланыстармен байланысқан, циклсіз қосылыстардың қаныққан қөмірсүтектер немесе алкандар деп атайды. Бұлардың басқаша парафиндер деп те атайды. Алкандарда көміртектің төрт валенттілігі түгел жай байланыстармен қаныққан және көміртек атомдары sp^3 -гибридтеген. Алкандардың мысалдары:



Метан, этан, пропанды өзара салыстырысақ, біз олардың құрамының бір-бірінен CH_2 -тобына айырмашылығы барын байқаймыз.

Құрылышы және химиялық қасиеттері үқсас, бір-бірінен бір немесе бірнеше CH_2 -тобына айырмашылығы бар мұндай қосылыстардың қатарын гомологтық қатар деп атайды. Бұл қатардың мүшелері өзара гомологтар болады. Кез келген гомологтық қатарды жалпы формуламен сипаттауға болады және оларға көбінесse бірдей химиялық қасиеттер (реакциялар) тән. Тек бірінші өкілдері ауытқуы мүмкін. Алкандардың гомологтық қатарының жалпы формуласы $\text{C}_n\text{H}_{2n+2}$. Мұндагы $n = 1, 2, 3, 4, \dots$, т.с.с. бүтін сандар қатары.

2. Номенклатурасы, изомериясы және физикалық қасиеттері

Алкандардың гомологтық қатарының алғашкы төрт мүшесінің тривиалды аттары бар: метан, этан, пропан, бутан. Келесі алкандардың аттары көміртек атомының санын білдіретін грек сан есімдеріне -ан жалғауы жалғану арқылы пайда болады (5-кесте).

Қаныққан көмірсүтек молекуласынан бір сутек атомын алып тастаса, қалған белгілі радикал немесе алкил деп аталады. Алкил радикалын атау үшін алканның атауындағы «ан» жалғауы «ил» жалғауымен алмастырылады (6-кесте).

Бұдан былайғы жерде жиі қолданылатын біріншілік, екіншілік, үшіншілік, төртіншілік көміртек атомы үғымдарын енгізіп алайық. Егер көміртек атомы бір көміртекпен байланысқан болса – біріншілік, екі көміртекпен байланысса – екіншілік, үш көміртекпен – үшіншілік, төрт көміртекпен байланысса төртіншілік көміртек атомы деп аталады.


Алкандардың гомологтық қатарының аттары

| Формуласы | Аты | Формуласы | Аты |
|---------------------------------|--------|---------------------------------|-------------|
| CH ₄ | Метан | C ₁₁ H ₂₄ | Ундекан |
| C ₂ H ₆ | Этан | C ₁₂ H ₂₆ | Додекан |
| C ₃ H ₈ | Пропан | C ₁₃ H ₂₈ | Тридекан |
| C ₄ H ₁₀ | Бутан | C ₁₄ H ₃₀ | Тетрадекан |
| C ₅ H ₁₂ | Пентан | C ₁₅ H ₃₂ | Пентадекан |
| C ₆ H ₁₄ | Гексан | C ₁₆ H ₃₄ | Гексадекан |
| C ₇ H ₁₆ | Гептан | C ₁₇ H ₃₆ | Гептадекан |
| C ₈ H ₁₈ | Октан | C ₁₈ H ₃₈ | Октадекан |
| C ₉ H ₂₀ | Нонан | C ₂₀ H ₄₂ | Эйкозан |
| C ₁₀ H ₂₂ | Декан | C ₃₀ H ₆₂ | Триаконтан |
| - | | C ₄₀ H ₈₂ | Тетраконтан |


Кейір радикалдардың аттары (ұлкендігі арту бағыттында келтірілген)

| Радикалдың формуласы | Аты | Радикалдың формуласы | Аты |
|---|-----------------|---|------------------|
| CH ₃ - | Метил | $\begin{array}{c} \text{H}_3\text{C} \\ \\ \text{CH}-\text{CH}_2- \\ \\ \text{H}_3\text{C} \end{array}$ | Изобутил |
| CH ₃ -CH ₂ - | Этил | $\begin{array}{c} \text{CH}_3 \\ \\ \text{CH}_3-\text{C}- \\ \\ \text{CH}_3 \end{array}$ | Уишнишілік-бутил |
| CH ₃ -CH ₂ -CH ₂ - | Пропил | $\begin{array}{c} \text{CH}_3-\text{CH}-\text{CH}_2-\text{CH}_2- \\ \\ \text{CH}_3 \end{array}$ | Изопентил |
| $\begin{array}{c} \text{H}_3\text{C} \\ \\ \text{CH}- \\ \\ \text{H}_3\text{C} \end{array}$ | Изопропил | $\begin{array}{c} \text{CH}_3 \\ \\ \text{CH}_3-\text{C}-\text{CH}_2- \\ \\ \text{H}_3\text{C} \end{array}$ | Неопентил |
| CH ₃ CH ₂ CH ₂ CH ₂ - | Бутил | $\begin{array}{c} \text{CH}_2=\text{CH}- \\ \\ \text{C}_6\text{H}_5- \end{array}$ | Винил, этенил |
| CH ₃ -CH ₂ -CH-CH ₃ | Екіншілік-бутил | | Фенил |

Күрделі радикалдардың аттары бүйірлік тізбектегі ең ұзын және тармақталмаған радикалдың атынан құралады. Ұзын тізбекті нөмірлеу бос валенттілігі бар көміртек атомынан басталады:




1-метилбутил




2-метилбутил

Қосылыстар мен радикалдардың атауларының алдында келсін **изо-** қосымшасы басқа тармақталуы жоқ көміртек тізбегінің ұшында екі метил тобының, ал **нео-** қосымшасы үш метил тобы барын көрсетеді:




изобутан



неогексан


Молекуладағы көміртек атомы көбейген сайын оның изомерлері көбейс беретіні белгілі. Изомерлер көбейген сайын көмірсутектерді тривиалды номенклатура бойынша атап қызындағы береді, тіпті мүмкін болмай қалады. Мұндай жағдайларда рационал, ИЮПАК номенклатураларын қолданады. **Рационал номенклатура** бойынша алкандар сүтек атомдарын алкил радикалдары орын басқан **метанның туындылары** ретінде қарастырылады. Метан көміртегісі ретінде орынбасарлары сән көп көміртек атомы алынады. Радикалдар ең кішісінен бастап аталады, яғни метил, этил, т.с.с., бірдей радикалдарды **ди-, три-, тетра-** қосымшаларымен (ди – екі, три, - үш, тетра – төрт, грек.) бір атауға біріктіреді, радикалдарды атағаннан соң негіздің атын, яғни **метан** сөзін қосады. Мысалы:



метан



диметилметан




триметильтилеман


ИЮПАК номенклатуrasesы бойынша көміртек атомдарының тізбегі қалыпты (тармақталмаған) алкандар **ан** жүргінгі бар 1-кестеде көтірілген аттарымен аталады.

Тізбегі тармақталған алкандардың атаулары былайша куралады:

1) Ең ұзын және ең күрделі (ең көп тармақталған) көміртек тізбегін тауып алып, соны көмірсутектің атының негізінен етеп алады:




дұрыс номірлеу




бұрыс номірлеу

2) Негізгі тізбекті анықтаған соң көміртек атомдарын номірлеу керек. Номірлеуді тізбектің бүйірлік радикал жақын шетінен бастайды. Егер әр түрлі алкил радикалдары тізбектің шетінен бірдей қашықтықта тұрса, номірлеуді көміртек атомының саны аз радикал тұрған шетінен бастайды:




(номірлеуді метил анықтаған түр)

Егер бірдей радикалдар тізбектің шетінен бірдей қашықтықта тұрса, номірлеуді тармақталу көп шетінен бастайды:




3) Енді қосылысты атайды. Бірінші, орынбасарларды алфавиттік ретпен алдына олар түрган көміртек атомының нөмірін көрсететін цифрларды қойып атайды. Ескертстін жағдай, ди, три, изо, екіншілік, т.с.с. жүрнектар мен сан есімдер есептеле мейді. Егер қосылыста бірнеше бірдей радикал болса, олардың санын грек сан есімдерімен (ди, три, тетра, т.с.с.) белгіле, осы радикалдың атының алдына қояды. Цифрлар бір-бірінен үтірмен, ал цифрлар мен сөздер деғиспен белінеді. Мысалы:



2,2,4-триметилпентан

2,3,6-триметилгептан





2,4-диметил-3-этилпентан


Изомериясы. Алкандардың изомериясы бір факторға – көміртек қаңқасының құрылымына байланысты, яғни оларға **құрылымдық изомерия** тән. Гомологтық катардың алғашқы үшеуінің изомері жоқ. Бутаннан бастап изомерия басталады. Бутанда сікі изомер, пентанда үш изомер бар. Көміртек атомының саны артқан сайын изомер саны күрт көбейеді. Оған 7-кестедегі мәліметтерден көз жеткізуге болады.

Изомерлердің формуалаларын шығару үшін мына дай әдісті қолданған жөн. Негізгі тізбекті біртіндеп бір-бір көміртек атомына қысқартта отырып, қысқартып алған көміртек атомдарын бүйірлек тізбекке мүмкін болатын барлық жағдайларға орналастыра отырып, көміртек қаңқаларының схемаларын салады. Мысалы, гексаның изомерлерінің көміртек қаңқаларын салып көрейік:



2.





5.

Толық формуласын алу үшін көміртек қанқаларына сутек атомдарын қосып жазу керек.

7-кесте


Алкандардың изомерлері санының көміртек атомы санына тәуелділігі

| Көміртек атомының саны | Изомер саны | Көміртек атомының саны | Изомер саны |
|------------------------|-------------|------------------------|------------------------|
| 1 | 1 | 8 | 18 |
| 2 | 1 | 9 | 35 |
| 3 | 1 | 10 | 75 |
| 4 | 2 | 15 | 4 347 |
| 5 | 3 | 20 | 336 319 |
| 6 | 5 | 30 | 4 111 846 763 |
| 7 | 9 | 40 | 62 491 491 178 805 831 |

3. Алу әдістері


Қанықсан көмірсүтектердің негізгі табиғи көзі – мұнай, ал алғашқы мүшелерінікі – табиғи газ. Мұнайдада – 30-89% алкандар, газда – 98% метан, 2% басқа көмірсүтектер (этан, пропан, бутан) болады.

1) Көмірден алу, оны 1869 ж. Бертлю «тас көмірді газификациялау» деп атады:



1 тонна көмірден 25 кг газ + 600 кг сұйық көмірсүтектер (алкандар мен циклоалкандардың бірдей мөлшері) алынады.


2) Фишер-Тропши әдісі (1925 ж. Германия), көміртек монооксиді мен сутек қоспасын қысым, температура және катализатор қатысында әрекеттестіру:




Егер $\text{CO:H}_2 = 6:1$ болса, t_k тәмен көмірсүтектер $2:1$ болса, t_k жоғары көмірсүтектер, екі жағдайда да тармакталмаған алкандар пайда болады.

Бұл әдістермен және мұнайдан жеке қосылыстарды бөліп алу қын. Сондықтан синтетикалық әдістер қолданылады:


3) Метал Na-мен алкандардың моногалогентүнділарына әсер ету (Вюрц реакциясы, 1855 ж.):




Егер әр түрлі галогентүнділар алынса, үш алканның қоспасы шығады:




4) Қанықлаған көмірсүтектерді гидрлеу (катализаторлар қатысында):




5) Карбон қышқылдарының тұздарын сілтімен балқыту:



6) Алкандардың моногалогентүнділіктерін немесе спирттерді йодты сутек қышқылмен тотықсыздандыру:



7) Кольбе әдісі, бір негізде карбон қышқылдарының тұздарын электролиздеу, бұл кезде түзілетін алканның көміртек саны жұп болады:



4. Физикалық қасиеттері

Алғашқы төртеуі газ, $\text{C}_5\text{-C}_{15}$ сұйық заттар, $\geq\text{C}_{16}$ күттә заттар. Судан женіл, суда ерімейді, органикалық еріткіштерде ериді. Гомологтық қатарда көміртек саны артқан сайын балқу, қайнау температуралары және тығыздық артады (8-кесте).


Кейір алкандардың физика-химиялық қасиеттері

8-кесте

| Формуласы | Аты | Балқу температурасы, °C | Қайнау температурасы, °C | d_4^{20} |
|---------------------------------------|------------|-------------------------|--------------------------|------------|
| CH_4 | Метан | -184 | -162 | - |
| C_2H_6 | Этан | -172 | -88 | - |
| C_3H_8 | Пропан | -190 | -42 | - |
| C_4H_{10} | Бутан | -135 | -0,5 | - |
| <i>изо-</i> C_4H_{10} | Изобутан | -140 | -10 | - |
| C_5H_{12} | Пентан | 132 | 36 | 0,6261 |
| <i>изо-</i> C_5H_{12} | Изопентан | 161 | 28 | 0,6197 |
| C_5H_{12} | Неопентан | -20 | 10 | - |
| C_6H_{14} | Гексан | -94 | 69 | 0,6603 |
| C_7H_{16} | Гептан | -90 | 98 | 0,6838 |
| $\text{C}_{10}\text{H}_{22}$ | Декан | -30 | 174 | 0,7301 |
| $\text{C}_{15}\text{H}_{32}$ | Пентадекан | 10 | 271 | 0,7689 |
| $\text{C}_{20}\text{H}_{42}$ | Эйкозан | 37 | 348 | - |


5. Алкандардың құрылышы, конформациялық анализ

Алкандарда көміртек атомдары түзу тізбек құрып емес, зигзаг тәрізді (иректеліп) орналасады:




Тізбекте С–С байланыстары емін-еркін айналып тұра алады, сондықтан қалыпты бутанның атомдары алуан түрлі орналасуы мүмкін.

Орынбасарлардың С–С жай байланыстарының айналасында айналуы нәтижесінде молекуладағы атомдардың қеністікте әр түрлі орналасуы **конформация** деп аталады. Мысалы, қалыпты бутан үшін жоғарыдағыдан 1) басқа да конформациялар болуы мүмкін. Айталақ:




Неліктен 1) конформация көп? Бұл сұраққа жауап беру үшін кай конформация энергетикалық тиімді екенін қарастыру керек. Мұны Ньюмен ұсынған конформациялық формалардың көмегімен қарастырған қолайлы. Ол үшін C^2 және C^3 атомдарының үстінен C^2 жағынан қарау керек. Сонда C^2 арнайы жүргізілген шенбердің центрі болады, оның астындағы C^3 те сол сияқты тағы бір шенбердің центрі болады. C^2 орынбасарлары шенбердің үстінде – тұтас сызықтармен, ал C^3 орынбасарлары шенбердің астында – үзік сызықтармен белгіленген. Сонда келесідей варианктар болуы мүмкін:


1) тежелген немесе анти-форма




2) бүркелген форма




3) ішінара бүркелген форма



4) ауытқыған немесе гош-форма



Бұл формаларда 1) конформацияда бейвалентті зекеңтесулер (C^2 , C^3 атомдарындағы орынбасарлардың тебілуі) ең аз, ал 2)-де ең көп. Сондықтан 1) конформацияның энергиялық күйі ең тиімді және оның үлесі ең көп, **тежелген конформация** деп аталады. Ал 2) конформация – бүркелгсін, ең аз. Бұлардың арасындағы энергия айырымы 20 кДж/моль. Бұлар ең шеткі күйлер, олардың арасында көптеген күйлер бар. 13-суретте қ-бутаның конформацияларының энергетикалық күйлері көлтірілген.



13-сурет. Қалыпты бутаның $C^2 - C^3$ байланысы арасындағы мстил топтарының айналу энергетикалық күйлері


Белме температурасында 20 кДж/моль кедергіден өту өтс оңай, сондықтан бутан конформерлер қоспасы түрінде болады, оның ішінде анти- және гош-формалар басым.

6. Химиялық қасиеттері


Қаныққан көмірсутектер қалыпты жағдайда өтс инертті, оның себебі σ-байланыстардың беріктігі. Олар қосылу реакциясына түспейді. Оларға тән химиялық реакциялар – тотығу (жану) және орын басу реакциялары (нитрлеу, галогендусу, сульфохлорлау).

1) **Тотығу (жану).** Қалыпты температурада қалыпты тізбекті алкандар тіпті

күшті тотықтырғыштардың (хром қоспасы, калий перманганаты) да әсерінс тұрақты, құрамында үшіншілік көміртек атомы бар алкандар женілірек тотыгады. Алкандар ауда жақсан кезде тұтанаңып, көмірқышқыл газы мен суға дейін жанады:




Өнеркәсіпте (өте жоғары температурада) метанның сумен әрекеттесуі жүзеге асырылған:







Түзілген қоспа синтол синтезінде пайдаланылады.

2) Нитрлеу (Коновалов реакциясы, 1888 ж.):




3) Галогендеу:




Бұл реакциялар (нитрлеу де, галогендеу де) радикалдық орын басу реакциясына, атап айтқанда, сутек атомдарын орын басу реакциясына жатады. Ескерстін нэрсе, шын мәнінде С-Н байланысы (413 кДж/моль) С-С байланысына (350 кДж/моль) қараста берілгірек. Солай бола тұрса да, химиялық реакциялар негізінен С-Н байланысы үзіле жүреді. Оның себебі – С-Н байланыстары органикалық молекуланың бетіне жақын және реагенттердің әсерінс онай ұшырайды.

Алкандарда сутек атомдарын радикалдық орын басу реакциясының механизмі хлорлау немесе бромдау реакциялары мысалында жақсы зерттелген. Хлорлау реакциясы үшін Н.Н. Семенов келесідей тізбектік механизм ұсынған:



Басқа алкандар да метан сияқты хлорлау реакциясына түседі. Галогеннің орын басатын орны **В.В. Марковников** ережесіне сай жүреді: Орын басу үшіншілік көміртек атомында ең онай жүреді, сосын – екіншілік көміртек, ең соңында біріншілік көміртек атомында орын басу жүзеге асады. Полигалогентұндылар түзілгенде галоген атомдары негізінен бір көміртек атомындағы немесе көрші көміртек атомдарындағы сутек атомдарын орын басады. Мысалы:





Оның себебі, сутектің біріншілік, екіншілік және үшіншілік көміртек атомдарымен байланыс энергиясы эр түрлі, олар, сәйкесінше, 415, 390 және 376 кДж/моль. Сондыктан бірінші ең әлсіз байланысқан сутек атомы орын басады. Реакцияның тандамалылығы реакцияның жүру шартына байланысты. Мысалы, бу фазасында 100 °C температурада хлорлау кезінде біріншілік, екіншілік және үшіншілік көміртек атомдарында орын басу жылдамдықтарының қатынасы 1:4,3:7, жарықта хлорлағанда 1:3,8:5, ал 300°C температурада – 1:3,3:4,4, яғни тандамалылық төмендейді. Бромдау реакциясының тандамалылығы едәуір жоғары. Мысалы, 127 °C температурада бромдау жылдамдығы 1:82:1600 қатынасымен сипатталады.


Галогендеу жылдамдығы F>Cl>Br>I қатарында күрт төмендейді.

Есте сактайтын жайт, В.В. Марковников ережесі алкандарда басқа да орын басу реакциялары (нитрлеу) үшін орындалады.

4) Сульфохлорлау – жұғыш заттар алуда маңызы зор (1936 ж. Рид және Хорн):




радикалдар қоспасы






додепилсульфоқышқылдың натрий тұзы (жуғыш зат, БАЗ)


5) Сульфирилеу, қыздыру және тұтіндеп тұрған H_2SO_4 қатысында:



6) Тотықтыру. Тотықтырғыштар: аяа оттегісі, KMnO_4 , t (аралық пероксид өнімдер арқылы):




г) жоғары алкандар:




7) Крекингілеу. 700-800 °С және жоғары температураларда (катализатормен және катализаторсыз) жоғары алкандардан кіші молекулалы алкандарды алу үшін жүргізіледі:

а) ыдырау




кальпты октан

б) рекомбинация



б) диспропорциялану:



Мұны болдырмау үшін гидрототықтыру керек.

Алынған қоспаны қайта айдау арқылы қажетті кіші молекулалы алкандарды алады. Егер крекинг катализатор қатысында жүрссе – **катализдік крекинг**, катализатор Pt болса – **платформинг** деп аталады.

7. Жеке өкілдері, қолданылуы

CH₄ – метан, газ отын.

C₂H₆, C₃H₈, C₄H₁₀ – газ отын.


C₅H₁₂, C₆H₁₄ – жанаң май, сүйық отын.

C₈H₁₈ – **изооктан** (2,2,4-триметилпентан) – бензиннің құрамындағы, оның сапасын (октан санын) анықтайтын қосылыс.

Вазелин, C₁₂ ÷ C₂₅, сүйық және қатты қаныққан көмірсутектердің қоспасы, медициналық препарат.


Ең көп қолданылатыны **метан**. Метан басқаша батпақ газы деп аталады, батпакты, қорысты жерлерде өсімдіктердің шіруінен түзілетіндіктен солай аталған. Тас көмірмен бірге де кездеседі – руда газы деп аталады, көптеген қауілті жарылыстар тудырады. Ең көп табиғи газда – 98%-ға дейін. Табиғи газ химиялық шикізат ретінде келесі өндірістерде қолданылады.

4) **Метанды пиролиздеу арқылы қүйе және сутек алу:**




Күйе каучуккс қоспа ретінде резина өндірісінде, типографиялық бояу дайындау т.б., ал сутек әр түрлі синтездерде, мысалы, аммиак синтезінде қолданылады.

5) **Ацетилен алу:**



- 6) Синтол газын алу үшін (жоғарыда).
- 7) Метанды ауада катализатор қатысында тотықтыру арқылы метанол, формальдегид, күмірсек қышқылын алады.
- 8) Цианды сутек қышқылын алу:



Метанды хлорлау арқылы хлорлы метил, еріткіштер – хлороформ және терт хлорлы көміртек алынады.